



АЛАТАУ Ардагері



alm_obl_ardager@mail.ru

Алматы облыстық қоғамдық-саяси газеті

№31 (145) 17 шілде 2026 жыл

ШАЛКӨДЕ ЖАЙЛАУЫНАН РЕПОРТАЖ

ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ ТОҒЫСҚАН ТОЙ



(Толық ақпарат 2-бетте)

ЖАНЫҢДА ЖҮР ЖАҚСЫ АДАМ

ЗЕРІКПЕЙТІН ЗЕЙНЕТКЕР

немесе көргені мен көңілге түйгені көп қария

«Еңбегіне қарай – құрмет, жасына қарай – ізет» деп халық тегін айтпаған. Бұл мақаламыздың кейіпкері – аудан, облысқа ғана емес, республикаға танымал тұлға, адуынды агроном, білікті басшы, Алматы облысы мен Еңбекшіқазақ ауданының Құрметті азаматы, еңбек ардагері Елеусіз Сұлтанғазыұлы.

Еңбек жолын қарапайым агроном болудан бастаған Елекең, кеңшар директоры, аудан әкімі, Д. Қонаев атындағы үлкен Алматы каналы аудандық бөлімшесінің басшысы болып қызмет атқарды. Жұмыс барысымен Қазақстан Компартиясы Орталық Комитетінің бірінші хатшысы Дінмұхаммет Ахметұлымен талай рет жүздесіп, алғысын алып, бүгінде өзі аймақтың ақылгөй ақсақалы атанып отыр.

Еңбегімен елге сыйлы, еңбекті бейнет емес, зейнет деп санайтын Елекең, 79 жасты жүгендесе де, әлі тың. Өткен өмірдің күйтабағы іспетті, көкірегі – тарих, әрбір айтқан сөзі – кітап. Сонымен қатар, зерікпейтін зейнеткер. Олай дейтініміз, Елеусіз аға Сұлтанғазыұлы зейнетке шыққалы ауыл, аудан, облыс көлемінде өтетін игі іс-шаралар, кездесулердің құтты қонағы болумен ғана шектелмей, үй ауласындағы аумақты көгалдандыру, бақша, саябақ немесе аула дизайнын безендіру мақсатында декоративті өсімдіктер өсірумен айналысады.

Халық айтса, қалт айтпайды. «Еңбек – адамның көркі, адам – заманның көркі», - деген сөзді Елекеңе арнап айтқандай. Өйткені, Елеусіз ағаның бұл еңбегінің негізгі міндеті – еріккеннің ермегі емес, сол еккен өсімдік, ағаштардың жеміс беруінен бөлек, ұрпағына эстетикалық ләззат сыйлау, көлеңкесін саялау, қоршаған ортаны көріктендіру. Көктем мен жаз айларында аулада өскен ерекше пішіндегі жапырақтарымен өсіп шыққан өсімдіктердің алуан түрі гүлдеп, құлпырып, көздің жауын алады. Әдемі жапырақтар пішіні немесе олардың қызыл, сары көк, ақ, ала сынды ерекше түсі арқылы назар аудартып қана қоймайды, хош иісімен тыныс алуынды кеңейтеді. Саған керемет көңіл-күй сыйлайды.

Алма, алша, өрік, құлпынай, қарақат сияқты жеміс ағаштарынан басқа, шырша, арша, бозарша /туя/, сұрыпталған түрлі түсті шырша, басқа да ағаштарды қалай болса, солай өз бетімен өсірмей, адамның қалауымен діңі мен бұтақтарын геометриялық пішінге келтіріп, шар, конус, төрт бұрышты, яғни топиарлық өнермен көркемдеп қырқады. Яғни, ағаштар мен бұталарды арнайы қырқып, пішіндеп, металл қаңқаларға өсімдіктерді отырғызу арқылы оларға геометриялық фигура береді. Өсімдіктерді мұндай қырудың да процестерін дұрыс орындалуына көңіл

бөледі. Ол үшін өсімдіктерді қырку ерте көктемде ағаштың өсу маусымы басталмай тұрып немесе жаздың соңында жасалады. Елекең де бұл әдіске көбінесе бұтағы тығыз әрі икемді келетін шетен, қарағай, бозарша, шырша, сәндік ырғай сияқты ағаштарды тандап алуының да өзіндік сыры бар. Өйткені, мұндай ағаштарды өз қалауыңмен өсіру ыңғайлы болады.

Қазіргі кезде зейнеткерлерге үйінде қамалып, қарап отырудан жалығып, тарықпас үшін жер-жерлерде «Белсенді ұзақ өмір сүру» орталықтарын ашып, неше түрлі үйірмелермен, спортпен, жаттығулармен айналысуға мүмкіндік жасалуда. Ал Елекеңнің онсыз да үйдегі, сырттағы жұмыстарымен қолы босамайды. Әкімшіліктен, мектептерден шақырылған іс-шараларға, той-думандарға барады, одан қалған уақытты газет-журнал, кітап оқумен, ауланы көгалдандырып, түрлі өсімдіктер, жеміс-жидек, көкөністер өсірумен айналысады. Ол кісінің ауласына кірсеңіз, құдды бір халық шаруашылық жетістіктері көрмесіне келгендей әсерде боласыз. Оның мәнісін сұрағанымызда Елекең:

Мен тұрып жатқан мына үй шағын төрт бөлмелі үй болатын. Қызмет бабымен берілген, кейін жекешелендіріліп алынған бұл үй қыста жылымайтын. Өйткені, еденінің астынан өтетін су құбыры жарылған екен. Үй қабырғалары көгеріп сыз тартып, сылағы түсе берген соң, Қуат балам үйдің жобасын қайта сызып, оның бұрынғы ауқымын кеңей-



АУДАНДЫҚ ҰЙЫМДАРДА

«Ардагерлер ұйымы» Республикалық қоғамдық бірлестігі Ұйғыр аудандық филиалы халықты ортақ мақсатқа жұмылдыруда аянбай еңбек етіп келеді. Аудандық ардагерлер ұйымы аудан әкімдігімен өзара тығыз байланыс орнатып, қоғамдағы тұрақтылық пен ұрпақтар сабақтастығын қамтамасыз етуде үлкен жұмыс атқарады.

АРДАГЕРЛЕРДІН БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ

Осы орайда аудан әкімі тарапынан бізге үнемі қолдау көрсетіліп келе жатқанын айта кеткеніміз жөн. Бұл қолдау тек материалдық тұрғыда ғана емес, рухани және қоғамдық бастамаларды жүзеге асыруда да айқын байқалады. Өз кезегінде адагерлер ұйымы түрлі әлеуметтік жобаларға қатысып, қоғамдық келісім мен бірлікті нығайтуға белсене атсалысады.

Аудандық «Ардагерлер ұйымы» жанынан «Асыл ана» қоғамдық бірлестігімен бірге «Алатау жастары» қоғамдық ұйымы қоян-қолтық араласып, жұмыс жасайды. Аудандық филиал құрамында 14 аудандық округтердегі 14 бастауыш ардагерлер ұйымы мен цехтық ұйымдар өз жұмысын облыстық ардагерлер ұй-

ымы жоспарына сай сәйкестендіре атқаруда.

Аталған ардагерлер ұйымы осында тұрып жатқан Ұлы Отан соғысының ардагері Кебиров Алим ақсақалмен қатар тыл ардагерлері және зейнеткерлердің бос уақытының тиімді өтуі үшін оларды қоғамдық жұмыстарға көбірек тартып, басқа да ұйымдармен қатар ел Президентінің саясатын аудан көлемінде жүзеге асыруға белсене араласады. Айталық, 2025 жылдың мамыр айында ауданда жаңа құрылған аудандық «Белсенді ұзақ өмір орталығы» филиалымен тығыз байланыс орнатып, көптеген шараларды бірге өткіздік. Сонымен қатар аудандық кітапхана және мәдениет үйі қызметкерлерімен де байланысымыз өте жақсы.

(Жалғасы 3-бетте)



тіп, екі қабатты тұрғын жай етіп, қайта жасады. Өйткені, ұл-қыздарым немерелерім келгенде үй тарлық ететін-ді. Қайта жаңғырған үйдің ауласын флорасын қалыптастыруға тура келді. Сөйтіп тарихи қалыптасқан өсімдіктер жиынтығын өсірумен, көгалдандыру жұмыстарын қолға алдым,- деп сөзін әріден бастады.

«Еңбек – ата, жер – ана»-деген осы емес пе! Зерікпейтін Елекең ауланы көгалдандырып, айналасы түрлі ағаштар, өсімдік, көкөніс, гүлдермен көріктендіріп, бәрін жұмақ бағындай жаз бойы жайқалтып қойды. Мұның өзі келген адамның назарын еріксіз өзіне аударады. Еңбек ептілікті сүйеді. Елекең қолы бос кезде ерінбей жұмыс жасап, агрономдық білімін орнымен пайдалана білуінің арқасында үйінің айналасын осылайша гүлзарға айналдыра білді. Көгал шөптердің де түрлері көп. Елекең оның жерге қынадай жатып өсетін түрін таңдаған. Өйткені, жиі күзей бермейсің, тек күтімге алып, көктемде тамырларын сиретіп тұрсаң жеткілікті.

Мен мұндай көрікті әрі қысы-жазы көгеріп тұратын ағаштарды, өзінің тұқымынан өсіріп, көбейтетін. Әуелі, тұқымын өбден толып піскен кезде жинап алып, шағын ыдыс, қораптарға салынған қара топырақта өсіріп аламын. Одан соң дайын болған көшетті көлеңкелі жерлерде, міне мынандай үй қабырғаларының не ағаштардың саясында

жақсы тамырланып алғанша отырғызып қоямын. Кейін күншуағы мол түсетін жерлерге көшіріп отырғызамын. Дайын ағаштарды балалар үйіне, аураhana мекемесіне таратып беремін, аулалары ажарлы болу үшін. Әрі шыршаның ауа тазартатын ерекше қасиеті бар. Сондықтан да оларды шипажайлар маңына көптеп еккен дұрыс. Қылқан жапырақты ағаштар, соның ішінде шыршаның түрі өте көп. Қылқанының түсі көк, қызғылт, сарғыш және жасыл түрлері көзге көрікті көрініп қана қоймай, адам аурасына жағымды әсер етеді.

Күн көзін жақсы көретін шыршаның сұрыпты түрлері топырағы жеңіл, ық жерлерде жақсы өседі. Оның тұқымын сүйірік және тамырландыруға дайындалған бұталар арқылы көбейтуге болады.

Ал бозаршаны көгалдандыруда жасыл қоршау ретінде қолданған тиімді. Бозаршаның барлық түрін қырқып, өзің қалаған пішінде жасауға ыңғайлы. Бұл өсімдік ылғалды жылы жерде, ыстық аймақтарда тез өседі. Жақсы өсуі үшін жиі әрі мол суарып тұру керек,- деп өсімдіктерді қалай күтіп өсіру керектігі туралы да өз тәжірибесімен бөлісті.

Шынында да жақсы күтілген, ұқыпты кесілген бұталы өсімдіктер бүгінгі заманауи тәсілге айналды. Заманауи демекші, Елекең ауласында өсірген осынау ботаникалық бақтың бәрін тамшылатып әрі шашыратып суару жүйесімен жүзеге асыруда. Бүгінгі судың да суаруы асқынып тұрған кезде, бұл – өте ұтымды әрі тиімді тәсіл. Ысырапқа да жол жоқ.

Ал гүлдердің сан алуан түрлерін де осы ауладан кездестіресіз. Арнайы өсірілетін үй гүлдерінен басқа далада, тауларда өсетін жабайы гүлдер де бар мұнда. Олардың бәрінің атын атап, түсін түстеп айтудың өзі қиын. Ол үшін өсімдіктер туралы арнайы кітаптарды ақтарып, ерінбей көзбен бір сүзіп шығу керек.

Елекеңнің отбасы бау-бақша жемістерін базардан сатып алуға көп алаңдамайды. Өйткені, шағын жылыжай мен ашық жерінде тәтті, ащы бұрышы, қызанағы мен қияры, көкөністері мен салат жапырақшалары жайқалып өсіп тұр. Алма, алша, шиегері, құлпынайларының жемісі де жетерлік.

Ауладан тыс, көшеге шығар дарбазаның алдыңғы екі жағы да жасыл желекке бөленген. Аққайың мен әдемі талдар көркімен көз сүріндіреді. Міне, осы керемет бау-бақ – ерінбей, жалықпай ізденіп, талай жыл мандай терін төккен еңбектің нәтижесі. Көргені мен көңілге түйгені көп, зейінді Елеусіз аға Сұлтанғазыұлының, елеулі еңбегінің жемісі – бұл.

Анарбек БЕРДІБАЕВ.

Шелек ауылы, Еңбекшіқазақ ауданы.

ШАЛКӨДЕ ЖАЙЛАУЫНАН РЕПОРТАЖ

ТАРИХ ПЕН ТАҒЫЛЫМ ТОҒЫСҚАН ТОЙ

Хантәңірінің мұзарт шындарына алтын сәулесін шашқан таң нұры Шалкөде жайлауын ерекше бір ажарға бөлеген. Самал желмен тербелген көк майса, көкжиекпен астасқан асқар таулар, еркін жайылған жылқы мен ақшаңқан киіз үйлер – бәрі де қазақ даласының көнеден жеткен көркем келбетін көз алдыңа әкеледі. Осы бір көрікті өлкеде таң атқаннан бастап ерекше қарбалас байқалды. Әр тұстан ағылған халық, ұлттық киім киген жастар, ат үстіндегі жігіттер, қолөнер бұйымдарын әзірлеген шеберлер, алыстан келген қонақтар... Барлығының жүзінен қуаныш пен мақтаныш сезімі аңғарылады. Өйткені бұл күн – Райымбек ауданының 90 жылдық мерейтойына арналған «Хантәңірі қазынасы» халықаралық этнофестивалінің шымылдығы түрілген күн.

Бұл – бір ауданның ғана емес, тұтас қазақ руханиятының мерекесіне айналған үлкен думан. Токсан жылдық тарихты таразылап, өткенге тағзым жасап, бүгінгі жетістікті ел назарына ұсынып, болашаққа бағдар беретін тағылымды тойдың әр сәті ұлттық болмыспен астасып жатты.

Фестиваль аумағына кірген сәттен-ақ көзге түсетіні – көкмайса төсіне сән бере тігілген жүз елуге жуық ақшаңқан киіз үй. Бір қарағанда тұтас бір көшпелі ауыл көз алдыңа келгендей әсер қалдырады. Киіз үйлердің әрқайсысы өзіндік мазмұнымен ерекшеленеді. Бірінде ұлттық қолөнер паш етілсе, енді бірінде ауданның өткені мен бүгіні таныстырылған. Тағы бірінде қонақтарға қазақтың ұлттық тағамдары ұсынылып, дәстүрлі қонақжайлықтың үлгісі көрсетілуде. Киіз үйлер арасымен жүріп келе жатқан жұртшылықтың жүзінен мерекелік көңіл күй анық сезіледі. Балалар асық атып, алтыбақан маңында шаттана күлсе, үлкендер ұлттық бұйымдарды тамашалап, шеберлермен әңгімелесіп жүр. Ақ жаулықты аналар немерелеріне әр бұйымның тарихын айтып берсе, жастар ұлттық нақыштағы киімдермен суретке түсіп, ерекше әсерлерімен бөлісуде. Осындай көріністердің өзі бұл фестивальдің тек концерттік бағдарлама емес, ұлттық құндылықтарды ұлықтайтын үлкен мәдени алаңға айналғанын аңғартады. Көрмелердің сәнін келтірген дүниелердің бірі – отандық қолөнершілердің еңбектері. Киізден басылған бұйымдар, ағашқа ойылған өрнектер, күмістен соғылған әшекейлер, теріден жасалған ұлттық бұйымдар, заманауи үлгіде тігілген этностильдегі киімдер, барлығы да келушілердің ерекше қызығушылығын тудырды. Әр шебер өз еңбегі арқылы қазақ мәдениетінің терең тамырын, ұлттық өнердің өміршеңдігін көрсетіп тұрғандай. Этнодизайнерлер ұсынған жаңа топтамалар да көпшіліктің назарын аударды. Ұлттық ою-өрнек пен заманауи сәнді үйлестірген киімдер жастардың қызығушылығын оятып, қазақы нақыштың бүгінгі күнде де өзектілігін дәлелдей түсті. Бұл – дәстүрдің уақытпен бірге жаңарып, жаңа сипат алып келе жатқанының айқын көрінісі. Фестивальде қылқалам шеберлерінің туындылары да ерекше орын алды. Ұлттық тағамдар ұсынылған алаңда да адам қарасы көп болды. Қазанда бұрқырап піскен еттің иісі, сабада сапырылған қымыз, жаңа сауылған саумал, бауырсақ пен құрт, ірімшік, барлығы қазақ дастарханының молшылығы мен дарқан көңілін танытып тұрды. Алыстан келген қонақтар қазақтың ұлттық дәмінен ауыз тиіп, ризашылықтарын жасырмады.

Жайлаудың кең алабында ұлттық спорт түрлерінен ұйымдастырылған жарыстардың қызуы да ерекше болды. Көкпарға жиналған жұрттың көшеметі, аударыспақтағы жігіттердің ептілігі, қазақ күресіндегі палуандардың айқасы, садақ атушылардың мергендігі көрермендердің делебесін қоздырды. Әр сайыс сайын жанкүйерлердің қолдауы күшейіп, ұлттық спорттың қазақ қоғамындағы орны тағы бір мәрте айқындала түсті.

Фестивальдің халықаралық деңгейде ұйымдастырылуы оның маңызын одан әрі арттырды. Қытай, Түркия, Ресей, Әзербайжан, Қырғызстан, Тәжікстан, Беларусь, Армения, Өзбекстан және Грузиядан келген қонақтар қазақ халқының мәдениетімен жақынырақ танысып, ұлттық дәстүрдің байлығына жоғары баға берді. Түрлі тілде сөйлеген адамдардың бір алаңда бас қосуы – мәдениеттер арасындағы байланысты нығайтып, қазақтың кеңпейіл болмысын тағы бір мәрте танытты. Бір алаңда бірнеше елдің

мәдениеті тоғысқанымен, бәрін біріктірген ортақ құндылық – дәстүрге деген құрмет болды. Бұл этнофестивальдің халықаралық деңгейдегі мәдени үнқатысу алаңына айналғанын көрсетті. Ауданның тарихи дамуы мен жетістіктеріне



арналған арнайы көрмелер де жұртшылық назарынан тыс қалмады. Онда Райымбек ауданының қалыптасу тарихы, әлеуметтік-экономикалық дамуы, ел тәуелсіздігі жылдарындағы өзгерістер мен жетістіктер кеңінен таныстырылды. Ерлік пен елдіктің символына айналған Райымбек батырдың өмір жолына арналған бұрышқа келушілер ерекше қызығушылық танытты. Батырдың ел қорғаудағы ерлігі мен отансүйгіштік қасиеті бүгінгі ұрпаққа үлгі ретінде насихатталды. Қасиетті топырақтан түлеп ұшқан дара тұлғалардың өмірі мен шығармашылығы кеңінен дәріптелді. Бердібек Соқпақбаевтың әдеби мұрасы, Мұқағали Мақатаевтың мәңгілік жырлары, Сағат Әшімбаевтың өткір ойлары, Еркін Ібітанов пен Оразалы Досбосыновтың айтыс өнеріндегі орны – бәрі де бір кеңістікте тоғысып, Райымбек өңірінің қазақ руханиятына қосқан өлшеусіз үлесін айқын көрсетті. Шалкөде жайлауындағы бұл думанның алғашқы күнінен-ақ бір нәрсе анық сезілді. Мұнда тек мерейтой тойланып жатқан жоқ. Мұнда халық өз тарихымен қайта қауышып, өткеніне тағзым жасап, ұлттық құндылықтарын ұлықтап жатыр. Ақшаңқан киіз үйлердің арасындағы әр қадам, ұлттық әуеннің әр үні, ат тұяғының дүбірі мен домбыраның қоңыр үні – бәрі де қазақ рухының мәңгілігін әйгілеп тұрғандай.

Тәңіртаудың етегінде өткен бұл мереке бір сәттік думан емес, ұлттың жады мен рухын жаңғыртқан тағылымды басқосуға айналды. Ал оның ең әсерлі сәттері әлі алда еді...

Мерекенің мазмұнын тереңдете түскен ерекше көріністердің бірі – қазақтың көшпелі өмір салтын бейнелеген «Қарқара» жайлау көшінің сахналық көрінісі болды. Жиналған жұртшылықтың назары бір сәтте кең жазыққа ауды. Сән-салтанатымен көш түзеген түйелер, арбаға артылған үй мүліктері, ұлттық киім киген ақ жаулықты аналар, ақсақалдар, ат үстіндегі азаматтар мен уық көтерген жастар ғасырлар қойнауынан жеткен қазақ көшін көз алдына әкелді. Көштің әр бөлшегі халқымыздың тұрмыс-тіршілігін, салт-дәстүрін, отбасы құндылығын, табиғатпен үндес өмір сүру мәдениетін паш етті.

Көрермендердің ерекше ықыласына бөленген бұл көрініс ұлттық болмыстың қаншалықты бай екенін тағы бір мәрте дәлелдеді. Қарттардың жүзіндегі тебіреніс пен жастардың қызығушылығы бір сәтте тоғысып, тарих пен

бүгіннің арасын жалғаған алтын көпірге айналғандай әсер қалдырды.

Салтанатты думан барысында шетелдік делегациялар мен өнерпаздардың шеруі де көпшіліктің ықыласына бөленді. Түркия, Қытай, Ресей, Әзербайжан, Қырғызстан, Өзбекстан, Тәжікстан, Беларусь, Армения және Грузиядан келген қонақтар ұлттық киімдерімен сахна төрінен өтіп, фестивальдің халықаралық деңгейдегі маңызын айқындай түсті. Түрлі ұлттың өкілдері бір сахнада бас қосып, мәдениет пен достықтың ортақ құндылық екенін көрсетті.

Мерекенің салтанатты жиынында Қазақстан Республикасы Президентінің кеңесшісі Мәлік Отарбаев Мемлекет басшысы Қасым-Жомарт Тоқаевтың құттықтау хатын оқып берді. Президент құттықтауында Райымбек ауданының ел тарихындағы орнына, тұрғындарының бірлігі мен еңбекқорлығына ерекше тоқталды. Шекаралық өңірдің дамуына үлес қосып жүрген азаматтарға ризашылығын білдіріп, аудан халқының елдік бастамаларды әрдайым қолдап келе жатқанын атап өтті. Бұл сөздер мерейтойға жиналған көпшілік тарапынан зор ықыласпен қабылданды.

Салтанатты шарада сөз сөйлеген Алматы облысының әкімі Марат Сұлтанғазиев те Райымбек өңірінің тарихи маңызына кеңінен тоқталды. Ол бұл өлкенің тек табиғатымен ғана емес, қазақ руханиятына өлшеусіз үлес қосқан тұлғаларымен де кастерлі екенін ерекше атап өтті.

Шынында да, осы қасиетті топырақтан қазақ әдебиеті мен мәдениетінің жарық жұлдыздары түлеп ұшты. Балалар әдебиетінің классигі Бердібек Соқпақбаев, қазақ поэзиясының Хантәңірі атанған Мұқағали Мақатаев, көрнекті сыншы Сағат Әшімбаев, айтыс өнерінің тарландары Еркін Ібітанов пен Оразалы Досбосынов, мемлекет және қоғам қайраткері Алтынбек Сәрсенбаев – бәрінің өмір жолы осы өңірмен сабақтас. Фестиваль аясында ұйымдастырылған көрмелер мен арнайы бұрыштарда олардың шығармашылық мұрасы мен елге сіңірген еңбегі кеңінен насихатталды. Әсіресе, Бердібек Соқпақбаевтың туғанына 100 жыл толуының

ЮНЕСКО көлемінде аталып өтуі де аудан жұртшылығы үшін үлкен мақтаныш екені ерекше айтылды. Бұл – Райымбек өңірінен шыққан тұлғалардың еңбегі халықаралық деңгейде мойындалғанының айқын дәлелі.

Райымбек ауданы бүгінде тек тарихымен ғана емес, даму қарқынымен де ерекшеленіп келеді. Мерейтой барысында ауданның әлеуметтік-экономикалық жетістіктері таныстырылып, ауыл шаруашылығы саласындағы табыстары кеңінен көрсетілді. Әсіресе, елімізге кеңінен танылған Нарынқол картобы, дәмді дақыл өндірісі мен мал шаруашылығы аудан экономикасының негізгі тірегіне айналғаны айтылды. Бұл – жергілікті халықтың маңдай тері мен тынымсыз еңбегінің нәтижесі. Соңғы жылдары өңірдің туристік әлеуетіне де ерекше көңіл бөлініп келеді. Хантәңірі шыңы, Тұзкөл, Тастау көлдері, Қарқара жайлауы мен Шалкөде сияқты табиғаты ерекше мекендер еліміздің ғана емес, шетелдік туристердің де қызығушылығын арттыруда. Бұл өңірде этнотуризмді, экологиялық туризмді, альпинизм мен треккинг бағыттарын дамытуға мүмкіндік мол. Фестивальдің өзі де осы мүмкіндіктерді әлемге танытудың жарқын үлгісіне айналды. Шалкөде тек мереке өткізетін орын ғана емес, қазақтың тарихы, мәдениеті мен қонақжайлығының үлкен көрмесіне айналды. Мындаған қонақ осы жерден қазақ халқының дәстүрімен, өнерімен және табиғатымен жақынырақ танысты.

Мерейтойдың ең көп күткен сәттерінің бірі – республикалық «Жолан жүйрігі» ат бәйгесі болды. Ат дүбірін қазақ ежелден еркіндік пен елдіктің үні санаған. Сондықтан бәйге басталар сәтте жарыс алаңына халық ерте жиналып, шабандоздарға ақ жол тіледі. Құнан бәйге, топ бәйге мен аламан бәйгеде еліміздің әр өңірінен келген сәйгүліктер бақ сынап, шабандоздар жүйріктерінің бабын көрсетті. Көмбеге қарай құйындата шапқан тұлпарлардың дүбірі Шалкөде жайлауын жаңғыртып, көрерменнің делебесін қоздырды. Әр жүйріктің мәреге жақындаған есінде жанкүйерлердің көшеметі күшейіп, бәйгенің қызуы тіпті арта түсті.

«Жолан жүйрігі» – жай ғана жарыс емес, қазақтың жылқыға деген құрметін, ұлттық спортқа деген сүйіспеншілігін айшықтайтын айтулы дода. Соңғы жылдары дәстүрлі түрде ұйымдастырылып келе жатқан бұл республикалық бәйге елдің түкпір-түкпірінен үздік сәйгүліктерді жинап, ұлттық ат спортының беделін арттырып келеді. Мерейтой аясында өткен биылғы бәсекеде де жүлде қоры қомақты болып, жарысқа қатысушылар мен жанкүйерлерге ерекше серпін сыйлады.

Шалкөде жайлауындағы ұш күндік мереке аяқталғанымен, оның әсері ұзақ уақыт ел жайында сақталары анық. Себебі бұл думан тек ән мен күйдің, ойын мен жарыстың мерекесі болған жоқ. Бұл – өткенге құрмет көрсетіп, бүгінгі жетістікті бағалап, келешекке сеніммен қараудың көрінісі болды. Токсан жыл – тарих үшін қас-қағым сәт болғанымен, бір ауданның қалыптасуы мен дамуы үшін тұтас дәуір. Осы жылдар ішінде Райымбек өңірі талай белесті бағындырды, талай тар жолды еңсерді. Бүгінде ол табиғи байлығын, ұлттық мұрасын және рухани құндылықтарын сақтай отырып, жаңа даму кезеңіне қадам басып келеді.

Хантәңірінің етегінде өткен осы бір ұлы думан соның жарқын дәлеліндей әсер қалдырды. Таудың самалына домбыраның үні қосылып, тұлпар дүбірі жаңғырған Шалкөде тағы бір мәрте қазақтың кең даласы – тек табиғаттың емес, тұтас ұлт рухының мекені екенін дәлелдеді. Райымбек ауданының тоқсан жылдық мерейтойы тарих қойнауына тағылымды белес ретінде енді. Ал Шалкөде төрінде көтерілген ақ шаңқан киіз үйлер мен халықтың шат күлкісі, қоңыр күй мен қымыздың дәмі, ат тұяғының дүбірі мен қарттардың ақ батасы бұл мерекенің ел есінде ұзақ сақталатын жарқын естелігі болып қала беретіні сөзсіз.

Аружан БЕКСҰЛТАН.

БАСТАУЫШ ҰЙЫМДА

Кітап-рухани байлық

8 шілде күні Шелек ауылдық кітапханасында ардагерлер ұйымының ұйымдастыруымен Мемлекет басшысының «Кітап оқу мәдениетін дамыту және зерделі ұлт қалыптастыру шаралары туралы» Жарлығына орай зиялы қауым өкілдерінің, зейнеткерлердің, «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі, тағы басқа қоғамдық ұйым мүшелерінің,оқушылардың қатысуымен дөңгелек үстел басында тәжірибелік конференция өткізілді.

Бұл шарада кітапханашы Гүлнар Жанбақиева «Кітап-асыл мұрамыз,байлығымыз» атты тақырыпта қысқаша баяндама жасады. Ауылдық ардагерлер ұйымының төрағасы Ә.Айтақынов кітап оқу жөніндегі тәжірибесімен бөлісті. Оқыған кітаптарының бай мазмұны, тағылымды ойлары оның өз өмір жолында рухани өсуіне, тәрбие

жұмысына, білімін көтеруге, қызметтік міндеттерін атқаруға қалай пайдасы тигеніне тоқталды.

Дөңгелек үстел басындағы басқосуда ардагер ұйымының мүшесі Рақымжан Қамбаров қария кітап өмірлік серігіне айналғанын, мұғалімдік жұмыста жүргенде оның бала тәрбиелеу, оқу процесін жақсарту ісіне мол септігін тигізгенін

айтты. Қырық жылдай ұстаз болған Рақымжан Қамбаров өзі жазып баспадан жаңа шыққан орыс, қазақ, ұйғыр тілінің түсіндірмелі сөздерінің сөздігін кітапханаға сыйлады. Бұдан кейін аудандық мәслихат депутаты, мәдениет үйінің директоры Р.Беков, «Асыл ана» кеңесінің төрайымы ауданның Құрметті азаматы Г.Үмекова, зейнеткер ұстаз, «Қазақ тілі» оқулығының авторы Ұ.Әбілқайырова, әйелдер алқасының төрайымы С. Бәзілбаевалар сөйлеп, кітап оқу мәдениеті жайлы құнды да мазмұнды ойларымен бөлісті. Олар өздерінің көп жылдан бері осы кітапхананың тұрақты оқырманы ретінде ай сайын бір кітап жаздырып алып оны



оқып жүргендерін тілге тиек етті. Жиналғандарды айына кем дегенде бір кітап оқып, оның мазмұнын бала-шағасына айтып, үлгі көрсетуге шақырды. Сол сияқты, мүмкіндігіне қарай газет–журнал жаздырып алып

әр үйде шағын болса да отбасылық кітапхана жабдықтаса жақсы болатындығын алға тартып, жиналған қауымды кітап оқуға шақырды.

Өз тілшіміз.

● АУДАНДЫҚ ҰЙЫМДАРДА

АРДАГЕРЛЕРДІҢ БЕЛСЕНДІЛІГІНЕ БАЙЛАНЫСТЫ



(Жалғасы. Басы 1-бетте)

Аудандық кітапхана ұйымымен бірлесе халқымыздың бір туар азаматы Д. Қонаевтың қаңтар айында және ақиық ақын М. Мақатаевтың ақпан айында туған күндеріне, сол сияқты тағы да басқа да айтулы күндерге арналған іс – шаралар бірлескен түрде атқарылып келеді.

Аудан көлемінде және көршілес аудандарда өтетін маңызды іс – шараларға аудан зейнеткерлері өз үлестерін қосып, белсене қатысады. 8 – наурыз халықаралық әйелдер күні мен Наурыз мейрамы, Жеңіс күні және «Дүниежүзілік қарттар» күні қарсаңында арнайы тыл ардагерлерінің үйіне барып құттықтап, аздаған сый – сыяпаттар жасау жылдағы әдетке айналған. Бұл жұмыста үнемі белсенділік танытып жүрген алқа мүшелері Р. Сартоловаға және «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі алқа мүшелері Н. Байсеркеева мен М. Абдуллаеваға алғыс білдіреміз.

Ардагерлер арасында салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында шахмат, дойбы, тоғызқұмалақ, бильярд ойындарынан жастар ұйымдастырылып, ондағы тұрақты қатысушылар К. Худайбердиев, А. Сайдуллаев, Б. Қоқымдиев, О. Гап-

ны таңдаған, математика майталманы, ҚР Білім беру ісінің үздігі, ҚР Білі ғылым министрлігі «Алғыс хат», «Білім саласында көрсеткен еңбегі үшін», «Еңбек ардагері» медалі, «Ұстаз» орденінің иегері Майрамхан Әжібекқызы Ыбышеваға арналған «Ұстаздық – ұлы есім, ұлағатты жол» атты кеш ұйымдастырылып, білім ордасындағы математика пәні кабинетіне есімі беріліп, тұсау кесері болып өтті.

Аудандағы колөнер бұйымдары, ән, бата беру сайысында белсенділік көрсеткен И. Әділхан, Қ. Мереимов, А. Таиров, Ш. Жанысбекова, Г. Джаманкиева сынды зейнеткерлерге алғысымыз шексіз.

Аудан тұрғындары мен зейнеткерлері облыстың аға ұрпақ өкілдерінің атқарған іс-шарасын, олардың еңбек жолын дәріптейтін «Алатау ардагері» газетіне тұрақты оқырман ретінде, жазылып белсенділік танытуда. Сонымен қатар мекеме ұйымдар арасында №17 жол пайдалану бөлімі, «Алматы жолдары» ЖШС – ның Шонжы бөлімшесі, Шарын ұлттық табиғи паркі, «Қарадала» орман шаруашылығы, аудандық орталық аурухана, «Белсенді ұзақ өмір орталығы» аудандық филиалы, электр торабы ұжымдары



паров, М. Злавинов, А. Имиров сияқты ардагерлерді белсенділігін атап өткен жөн.

Ауданымыздағы Шарын ауылдық округіне қарасты Д. Қонаев атындағы мектепте мектеп директоры М. Әділбекованың ұйымдастыруымен аталған оқу орнының түлегі, М. Әуезов атындағы әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері Тоқтар Кесімұлы Әлібековке арналған «Халық мұрасының қадірін асырған абзал азамат» атты кеш өтті. Кеште жас ұрпаққа тәлім – тәрбие берудегі ролі мен атқарған еңбектері аталып, бірге қызметтес болған әріптестерімен және жары, туыстарымен кездесу ұйымдастырылып, аталған мектептің қазақ тілі мен әдебиет кабинетіне есімі беріліп, тұсау кесері болып өтті.

Дәл осындай іс - шара Сүмбе ауылдық округі орта мектебінде директор Б. Абдилованың ұйымдастыруымен бар ғұмырын математика пәніне арнаған, отбасы бала – шағасы түгел дерлік математика-

баспасөзге жазылуда өз белсенділіктерін танытып, басқаларға үлгі болса, ауданымыздағы кәсіпкерлер М. Левиров пен Р. Якупов және облыстық су шаруашылығы басқармасына үлкен алғыс айтамыз.

Ауданымыздағы құлаққа жағымды хабарларды аудандық ардагерлер ұйымы алқа мүшелері С. Қапаров, Р. Сартолова және «Асыл ана» қоғамдық бірлестігі төрайымы Н. Байсеркеевалар үнемі насихаттап отырады.

Қорыта келгенде, аудандағы зейнеткерлердің бос уақытының көңілді әрі тиімді, қызықты болуы, әр ардагердің өз қызығушылығымен белсенділігіне байланысты. Ардагерлер ұйымының өздерінің қоғамдық жұмыстарын, жас ұрпаққа ұлттық тәлім-тәрбие берумен ұлттық құндылықтарды жандандырып, салт – дәстүрді сақтап, дәріптеуі маңызды болмақ.

Е. НҮРСЕЙІТОВ,
Ұйғыр аудандық ардагерлер
ұйымы төрағасы.

● АЖЫРАСУ МӘСЕЛЕЛЕРІ

«Үйлену оңай, үй болу қиын» деген мақал бар. Дегенмен, қазір үй болу өз алдына да, үйлену де қиындады. Жастардың көпшілігі үйленбес бұрын жағдай жасап алып, той қамына кіріскенді жөн санайды. Бірақ әлеуметтанушылар еліміздегі жігіттердің көпшілігі отбасын құруға дайын емес деген қорытынды жасап отыр.

ЖАСТАРДЫҢ ОТБАСЫН САҚТАУ ЖАУАПКЕРШІЛІГІ НЕГЕ ТӨМЕНДЕП КЕТТІ?

Оның басты себебі азаматтардың отбасын асырауға шамалары жетпейді. Демек, қазіргі қазақ жігіттерінің көпшілігі «шағын мемлекеттің» қауіпсіздігі үшін күресе алмайды. Бұл – бір мәселе. Екінші мәселе, осы үй болып, түтін санын көбейтушілердің некесі қандай неке? Заңды ма, азаматтық па, аралас па? Психологтардың пікірінше, жас жұбайлардың отбасы алдындағы жауапкершілігінің қаншалықты деңгейде екендігімен қатар, қандай некеге тұрғаны да ұлттың ұйысуы мен ұюына тікелей қатысты. Ендеше, қанымыз қаншалықты таза, түтініміз қаншалықты түзу? Бұл ата-бабадан келе жатқан «жеті атаға дейін қыз алыспау» сияқты қасиетті қағидадан да асып, қазақ менталитетіне қайшы әрекет деп есептейміз.

Қазір азаматтық неке деген ұғым бар. Психологтар мұндай некені «сынақ неке» деп атайды. Соңғы жылдары жастардың арасында ерекше қолдауға ие болған бұл неке туралы еліміздің заңнамасында бұл туралы ешқандай бап та, тармақ та жоқ. Сондықтан да болар, бүгінде жастардың көпшілігі азаматтық некеде тұрғанды жөн көреді. Зерттеушілердің айтуынша, бойжеткендер мен жігіттердің бұл некені таңдауларының өзіндік себептері де жоқ емес. Ең бастысы, ажырасып «әлек болмайды». Ың-шыңсыз - ақ, «отбасыңмен» айырылыса аласың. Занда жазылмағанның бір пайдасы сол – «отасқандар» бір-бірін сотқа тарта алмайды.

Тағы бір ерекшелігі мүлік бөліске түспейді. Әркім-өз дүниесінің қожасы. Ерлі-зайыптылар өз арызында мінездерінің жараспауына немесе сүйіспеншіліктің жоқтығына байланысты екенін көрсеткенімен, шын мәнінде, олардың негізгі себептері – ерінің ішімдікке салынуы, жұмыс істемеуі, соның салдарынан отбасына материалдық көмек көрсетпеуі, жұбайының көзіне шөп салуы, ерінің әйеліне қол жұмсауы нәтижесінде туындап отырғаны жасырын емес.

Сот істі қарау барысында, «Соттардың некені бұзу туралы істерді қараған кезде заңды қолдануы туралы» жоғарғы соттың нормативтік қаулысына сай, неке бұзылғаннан кейін кәмелетке толмаған балалар ата-анасының қайсысымен тұратындығын өзі айқындайды. Бұл оқиғадан баланың психикасы бұзылады, баланың тәрбиесіне, отбасы туралы қалыптасып жатқан түсінігіне кері әсерін тигізеді. Сондықтан ерлі-зайыптылардың некелерін бұзуды әбден ойланып-толғанып барып шешкені дұрыс деп ойлаймыз.

Неке бұзу санының өсуі ерлі-зайыптылардың әбден ойланбай үйленуінен де туындап жататыны рас. Бұрынғы кезе ата-бабаларымыз құдай қосқан жарынан ажыраспақ тұрмақ, тіпті, ондай ойдың өзіне жол бермеген, ерлі-зайыптылар бірін-бірі пір тұтқан. Бертін келе, Кеңес өкіметінде өмір сүрген ата-аналарымыз – нағыз отбасының айшығы. Сол кезеңде бірен-саран ажырасу орын алғанымен, ба-

сым көпшілігі дерлік отбасының адам өмірінде қаншалықты маңызды екендігін түсіне білген. XX ғасыр аяғына жетіп, XXI ғасыр белең алғанда аталған жағдай мүлдем басқаша сипат алды.

Сонда осы мерзімде не өзгерді? Заман ба, әлде, адам ба? Жастардың көбі бәрін заманға сілтейді, мүмкін шын мәнінде де, солай болар. Бірақ, неге адам өзінен кінә іздемейді? Неке бұзу арыздарының көбі ерлі-зайыптылардың отбасылық қарым – қатынастарының бұзылуларына заман кінәлі болғаны ма? Жарқын болашағымыздың кепілі ретінде баянды отбасын құру, шаңырақтың ұйытқысы бола білетін ұрпақ тәрбиелеу адамзаттың басты мақсаты болу қажеттігін ерлі-зайыптылар ұмытпаса екен.

Үйлену оңай, үй болу қиын».



Бұл мақалды мен былайша айтар едім: «Үйлену қиын, үй болу одан да қиын» Неге? Себебі, қазіргі отбасы жағдайы мәз емес екендігі бәрімізге белгілі жайт болып отыр. Тіркелген некелердің бұзылу фактілері көбейіп келеді олардың бұзылуына жас отбасын мақсатты мемлекеттік қолдаудың әлі де болса жетілдірілмеуі, отбасын материалдық қамтамасыз етудің, жұмысқа орналасудың қиындықтары, тұрғын үйдің болмауы секілді бірнеше себептері бар.

Әлеуметтанушылар жастардың арасында зерттеулер жүргізіп, мынадай қорытынды жасапты: Азаматтық некені қолдаушылардың көбі – жігіттер. Олардың ұғымында мұндай некенің ең бір тиімділігі – басың азат, «өмірлік жарыңнан» тәуелсіз боласың. Сауық-сайран, той думанға есеп бермей-ақ кете бересің, ал бұған қосағың көнсе, көнеді, көнбесе, «өкшенді көрсету» түк те емес. Сауалнамаға қатысқан жігіттердің көпшілігі «отбасын асырау керек» деп бас ауыртпайтындығымен де азаматтық некенің «абыройы» артып тұрғанын баса айтыпты.

Жігіттер азаматтық некеге заңның күші жетпейтініне де дән риза көрінеді. Дегенмен, оларды қынжылтып жүрген, бір жайт, қайда барсаң да «Қорқыттың көрі» секілді, қандай некеге тұрсаң да алимент төлеу алдыңнан шығатыны. Міне, бұл көріністер де біздің ұлттық менталитетімізге қайшы.

Қазіргі таңда жастардың некелік қарым-қатынасынан дүние есігін ашып саби келеді. Өмірдің аздаған қиын белестерінен өтуге жас жұбайлардың жаны шыдамай, ақыр аяғы екі жас ажырасып тынады, бұл жерде қиналатын тек бейкүнә саби. Өзінің кіндік қанынан жаралған баласына алатын табыс

мөлшерін аз көрсетіп я болмаса алимент төлеуден жалтарып жүрген ер-азаматтарымыз қаншама? Алимент төлемек түгілі ара-тұра болса да баласының хал-жағдайын сұрауға шамасы жоқ әкелер әке атына лайық па?

Қазақ азаматы қай уақытта да өз баласы түгіл, туған туысканының баласын басқа руға асырауға, жетім қалса бағуға да бермеген, не де болса сол рудың ішінде, ағайын арасында өсірген. Басқа руға кетсе жат болып кетеді деп «әменгерлік» институтын да ойлап тапқан.

Отбасы - түнеп қана шығатын қонақ үй емес, болашақ тағдырыңды шешетін, балапандарыңды ұшыратын ұя. Сондықтан да оның ертеңгі күнін көбірек ойлауға, ол туралы үнемі толғануға тура келеді.

Айтайын дегенім – екі жастың өз туысқандарын бір-біріне жақындатып, олардың ауызбірлігін күшейту мәселесі. Өрине, бұл жас жұбайлардың адамгершілік қасиетіне, алған тәрбиесіне, әдептілігіне байланысты. Жас түскен келіннің де екі жақты жақындататын дәнекерлік ролі зор. Келін болып түскен қыздың жаңа жұрттағы жақсы қадірі – оның ақылы мен адамгершілігіне, шаруаға икемділігінде, аналық қасиеттерінде және күйеуіне деген мейір-махаббатында дегім келеді. Отбасының бірлігін сақтауға екі жақтың да ағайын - туысы зор әсер етеді деп білемін.

Отбасы тәрбиесін күшейтуге төмендегідей тұжырымдар ықпал етеді деп ойлаймын. Атап айтсақ, арнайы отбасы телеарналарын ашу. Елімізде қаншама телеарна болса да, олардың ішінде отбасына арналған телеарна жоқтың қасы. Отбасына қатысты үлкен үгіт-насихат жүргенде ғана отбасы институты нығаяды. екінші, шағын бизнесті дамыту. Шағын бизнес дегеніміз – отбасы бизнесі. Мысалы, көптеген дүкендерде отбасының мүшелері жұмыс жасайды, туған туысқандарын жұмысқа тартуға тырысады, яғни, шағын бизнесті дамытсақ, отбасыға жағдай жасаймыз, әлеуметтік-экономикалық жағдайды нығайтамыз.

Отау құрған жұбайларға айтарым, өз ұрпағыңның алдында және қазақ мемлекетінің алдында отбасын құрып, шаңырақ көтергеннен кейін шағын мемлекеттің шаңырағын шайқалмауына, оның гүлденуіне, қанат жаюына үлкен ықыласпен, зор жауаптылықпен қарауды сезінсе екен деймін.

СИҚЫМБЕКТИҢ
Алтынбайы.

Құттықтаймыз!



Таяуда ғана Райымбек ауданының тоқсанжылдық торқалы тойы Шөлкөде жайлауында дүркіреп өткені белгілі. Осы дүбірлі тойда аудандық «Хантәңірі» газетінің де тоқсанжылдық торқалы тойы қатар аталып өтілді. Осы шара барысында Қарасай ауданындағы ардагерлер ұйымдарының тыныс-тіршілігінен газетімізге үзбей мақалалар жариялап тұратын қаламгер әріптесіміз, Райымбек ауданының және Алматы облысының Құрметті азаматы, Қазақ журналистикасының қайраткері, Қазақстан журналистер одағы сыйлығының лауреаты, Қазақстан Республикасы мәдениет саласының үздігі, Қаскелең қалалық ардагерлер ұйымының төрағасы Қанат Тәкебаев «Аймаққа сіңірген еңбегі үшін» мерекелік төсбелгісімен марапатталды. Қаламгердің қуанышына ортақ бола отырып, оған шығармашылық табыстар тілейміз.

«Алатау ардагері» газетінің ұжымы.

Төрткен КЕНЕНКЫЗЫ

90 жастан асқан шағында Қазақстан Республикасының Мәдениет қайраткері, ардақты ұстаз, Алматы облысының, Қордай, Іле аудандарының Құрметті азаматы Төрткен Кененқызы дүниеден озып, мәңгілік мекеніне аттанды.

Төрткен Кененқызы 1936 жылы Жамбыл облысы, Қрасногор ауданы (қазіргі Қордай ауданы) Отар станциясында туған. Алматы қаласының №12 қазақ мектебінде оқып, орта білім алған. 1955-1960 жылдар аралығында Абай атындағы Қазақ Мемлекеттік педагогика институтында оқыған. Мамандығы-қазақ тілі мен әдебиетінің мұғалімі. Тұрмысқа шығып, алғашқы еңбек жолын Жоламан станциясында №274 мектепте (Талдықорған облысы, Гвардия ауданы) аға пионервожатыйлықтан бастаған. 1962-1964 жылдар аралығында жолдасы Байділден Тасығанның қызметіне байланысты Текелі қаласына көшіп келіп, осы қаланың №4 мектебіне бастауыш сыныптарға қазақ тілінен сабақ берген. 1965-1974 жылдары жолдасының Алматыға қызметке ауысуына байланысты, қазіргі Ұлттық кітапханада аға библиограф болып еңбек еткен. 1974 жылы жолдасының жұмысына байланысты Іле ауданының сол кездегі аудан орталығы Қапшағай қаласына көшіп келген. Осы жылдың аяғында Іле ауданының орталығы өзгеріп, Энергетик (қазіргі Өтеген батыр кенті) елді мекеніне көшірілді. Осы жерде Төрткен Кененқызы зейнеткерлікке шыққанша халық ағарту бөлімінде қазақ тілі мен әдебиетінің әдіскері, инспекторы болып, онан соң әдістеме бөлімін басқарған. 1979-1987 жылдар аралығында Іле аудандық мұғалімдер кәсіподағының басшысы болып қызмет атқарды. 30 жылдан астам халық ағартуда істеген еңбегі елеусіз қалған жоқ. 1981 жылы «СССР халық ағарту ісінің озық қызметкері», 1985 жылы «Қазақстан Республикасының халық ағарту ісінің озық қызметкері» деген белгілерімен марапатталған. Еңбек ардагері. Төрт бала, екі қыз, екі ұл тәрбиелеп өсірген ардақты ана.

Төрткен Кененқызы 1999-2009 жылдар аралығында Алматы қаласындағы эстрада-цирк колледжінің «Халық бөлімінде» Кенен Әзірбаев әндерінен сабақ беріп, сазгердің айтылмай кеткен әндерін жарыққа шығарды. Жасына қарамастан, Төрткен Кененқызы 2006-2013 жылдар аралығында аудандық ардагерлер Қоғамының төрайымы болып ең

бек етті. Оның көп жылғы еңбегі үнемі ескеріліп, марапатталып отырған. Аудан, облыс, республика тіпті Одақ көлемінде алған мақтаулары, дипломдары, алғыстарының өзі бір төбе.

Зейнетке шыққаннан кейін де Төрткен Кененқызы еңбектен де, қоғамдық жұмыстардан да қол үзбей келді. Аудан орталығы «Энергетический» деген атын «Өтеген батыр кенті» аталуына, осы орталықта ашылған «Мұқағали Мақатаев» атындағы қазақ орта мектебінің және «Қуат» қазақ балабақшасының ашылуына, аудандағы көптеген мерекелердің жоғары деңгейде өтуіне атсалысқаны бар. Сондықтан аудан еңбеккерлері оны аудан мәслихатының депутаты етіп сайлады. Аудан орталығында үлкен құрметке ие болып жүрген зейнеткерлерден құралған «Ардагерлер» ансамблінің алғашқы ұйымдастырушысы да-осы Төрткен Кененқызы. Бұл ансамбль қазір «Халық ансамблі» атағын жеңіп алды. Өзінің қызметімен қоса отбасы, ошақ қасы, бала-шаға, жанұя тірлігімен қоса, әке шығармашылығын бірге алып жүрген Төрткен Кененқызының тірлігі-көпке үлгі-өнеге.

1976 жылы әкесінен үйренген 90 әнді нотаға түсіртіп, «Бозторғай» ән жинағын шығарды. 1984 жылы редакция алқасының мүшесі болып ақынның еңбектерін таңдамалы екі томдықпен шығарды. 1998 жылы «Жалын» баспасынан «Кенен» атты естелік-эссе жарық көрді. 2005 жылы «Қазығұрт» баспасынан алғашқы «Кенен» деген еңбегін толықтырып «Кенен ата» деп шығартты. 2000 жылы әкесі жайында жазылған естеліктер жинағын құрастырып «Екі Кенен тумайды» атты кітабын «Шартап» баспасынан шығартқан. 2000 жылы әлі де халыққа жетпей, әрі ертеректе саясатқа сыймаған көптеген еңбектерін жинап, «Елорда» баспасынан «Аңыздар сыры» кітабын жариялатты. Осы жылы әкесінің өз үнімен орындаған әндері «Алатау аясында» және өзінің орындауындағы әкесінің әндерін «Ой жайлау», «Мен сүйемін халқымды» атты аудиокассеталарын шығарды. Өзі тұрған Іле ауданының Боралдай елді мекеніндегі №15 мектебінің, сол мектеп тұрған көшенің Кенен Әзірбаев есімімен аталуына, мектепке ақын шығармашылығына



арналған мұражайдың ашылуына да аянбай атсалысқан, ұсыныс жасап, көптеген материал беріп, басы-қасында болған да осы Төрткен Кененқызы. Бұл байқаудың өтуіне де мұрындық болған Төрткен Кененқызы. Осындай еңбектері үшін Төрткен Кененқызы 2004 жылы Қазақстан Республикасының «Мәдениет қайраткері» құрмет белгісімен, «Қазақстан Конституциясына 10 жыл», «Қазақстан тәуелсіздігіне 20 жыл» мерекелік медальдарымен, сонымен қатар 2012 жылы «Егеменді Қазақстанға 20 жыл», 2015 жылы «Ұлы Отан соғысындағы Жеңіске 70 жыл» медальдарымен марапатталды. «Қосылған қоңыр қазға ән мен үнім», «Әнім қалсын» атты сазгер әндерінің дискілерін шығарып таратты. Алматы облысы әкімдігінің қолдауымен «Бұлбұл еді, дүлдүл еді Кенекем», 2000 жылы жарияланған «Екі Кенен тумайды» естеліктер жинағын толықтырып қайта шығарды. Аудандық газеттің штаттан тыс тілшісі. Үнемі мақалалары мен әңгімелері жарияланып тұрады. Ұзақ жылдар аудандық ономастика комитетінің мүшесі болды.

Қоғам қайраткері ретінде өңір өнеріне қосқан үлесі мен еңбегі үшін халықтың, облыс және аудан басшыларының алғысы мен марапаттары шексіз.

Қоғам қайраткері, ұлағатты ұстаз, ардақты ана Төрткен Кененқызының жарқын бейнесі мәңгі жадымызда. Марқұмның туған-туыстары мен жақындарына қазаға ортақтасып, қатты қайғырып, көңіл айтамыз. Жаны жәннәтта болып, нұры пейіште шалқысын!

«Ардагерлер ұйымы»
Республикалық
қоғамдық бірлестігі
Алматы облысы
филиалының басшылығы.

БАСПАСОЗ-2026

Құрметті Оқырман!

Облыс ардагерлерінің тыныс-тіршілігін, жас ұрпақты отансүйгіштікке, сажандылыққа, имандылық пен ибалыққа тәрбиелеу бағытындағы жүзеге асырған іс-шараларын баспасөз бетінде кеңінен насихаттайтын «Алатау ардагері» атты газет өмірге жол тартты. Ардагерлердің тол басылымына қолдау көрсетеміз десеңіздер «Алатау ардагері» газетіне жазылыңыз!

Бір жылға жазылу бағасы -
6371,52 теңге

Алты айға жазылу бағасы
3185,76 теңге

Индексі: **65472**



Санитарлық-эпидемиологиялық бақылау басқармасы хабарлайды

Тағамнан уланудың алдын алу

Тағамнан улану – сапасыз немесе ластанған тағам өнімдерін тұтыну нәтижесінде пайда болатын денсаулыққа қауіпті жағдай. Әсіресе жаз мезгілінде ауа температурасының жоғарылауына байланысты тағамдардың тез бұзылу қаупі артады. Сондықтан тағам қауіпсіздігі қағидаларын сақтау өте маңызды.

Тағамнан уланудың алдын алу үшін келесі қарапайым ережелерді сақтау қажет:

- Қолды тамақ дайындау алдында және тамақ ішер алдында мұқият жуу;
- Тағам өнімдерін тек сенімді сауда орындарынан сатып алу;
- Өнімнің жарамдылық мерзіміне назар аудару;
- Жемістер мен көкөністерді ағын сумен жаксылап жуу;
- Шикі және дайын тағамдарды бөлек сақтау;
- Ет, балық, жұмыртқа өнімдерін толық термиялық өңдеуден өткізу;
- Тез бұзылатын тағамдарды тоңазытқышта сақтау;
- Көшеде немесе рұқсат етілмеген орындарда сатылатын тағамдарды сатып алу.

Әсіресе салаттар, крем қосылған кондитерлік өнімдер, сүт өнімдері, ет және балық тағамдары сақтау талаптары бұзылған жағдайда қауіпті болуы мүмкін.

Тағамнан уланудың негізгі белгілері: жүрек айну, құсу, іштің ауыруы, іш өту, дене қызуының көтерілуі және жалпы әлсіздік. Мұндай белгілер байқалған жағдайда дереу медициналық көмекке жүгіну қажет.

Тағам қауіпсіздігі қағидаларын сақтау өз денсаулығыңызды және жақындарыңыздың денсаулығын қорғаудың тиімді жолы болып табылады.

Қауіпсіз тағам – мықты денсаулық кепілі!

Энтеробиоз және лямблиоз сырқаттанушылығының алдын алу

Энтеробиоз және лямблиоз – ішек паразиттері тудыратын кен таралған жұқпалы аурулар. Олар көбінесе балалар арасында кездеседі және жеке гигиена бұзылған жағдайда тез таралады. Бұл аурулар адамның асқорыту жүйесіне әсер етіп, әлсіздік, іш өту, іштің ауруы сияқты белгілермен көрінеді.

Аурулардың қоздырғыштары және таралу жолдары

- Энтеробиоз – Enterobius vermicularis (острица) құрттары тудырады. Таралуы: лас қол, ойыншықтар, тұрмыстық заттар арқылы.
- Лямблиоз – Giardia lamblia қарапайымдылары тудырады. Таралуы: ластанған су, жуылмаған жеміс-көкөніс, кір қол арқылы.

Негізгі қауіп факторлары

- Жеке гигиенаның сақталмауы
- Балалар ұжымдарында тығыз қарым-қатынас
- Ластанған су мен тағам қолдану
- Тырнақ тістеу, қолды жиі жумай тамақтану

Алдын алу шаралары

1. Жеке гигиена
- Қолды сабынмен жиі жуу (әсіресе дәретханадан кейін және тамақ алдында)
- Тырнақты қысқа ұстау

- Іш киімді күнделікті ауыстыру және үтіктеу
- 2. Санитариялық-гигиеналық шаралар
- Таза ауыз су қолдану
- Көкөніс пен жемістерді мұқият жуу
- Балалар мекемелерінде ойыншықтарды дезинфекциялау
- Үй-жайларды ылғалды тазалау
- 3. Медициналық алдын алу
- Балаларды жоспарлы тексеру (анализ тапсыру)
- Ауруларды ерте анықтау және емдеу
- Отбасы мүшелерін бірге тексеру (энтеробиоз кезінде)
- 4. Эпидемияға қарсы шаралар
- Наукастарды уақытша оқшаулау
- Балалар ұжымдарында бақылауды күшейту
- Дезинфекция жұмыстарын жүргізу

Энтеробиоз және лямблиоздың алдын алуда ең маңыздысы – жеке гигиена ережелерін сақтау және санитариялық мәдениетті арттыру. Уақытылы диагностика мен профилактикалық шаралар аурудың таралуын тиімді түрде төмендетеді.

Есіңізде болсын: аурудың алдын алу оны емдегеннен әлдеқайда жеңіл әрі тиімді.

Н. МЕДЕТОВ,

«Қонаев қаласының санитариялық-эпидемиологиялық бақылау басқармасының бастығы

АЛАТАУ
Ардагері

Басылым 2023 жылғы 7 қыркүйектен шыға бастады

БАС РЕДАКТОР:

Роза Айдарбекова
Тел.: 8 777 251 9310

ТІЛШІЛЕР:

Алтынбай Сықымбек
Тел.: 8 705 965 3661

Рамазан Елешев
Тел.: 8 747 706 1334

Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді.

«Алатау ардагері» газетінде жарияланған материалдарды көшіріп басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты керек.

Газет аптасына 1 рет – жұма күні шығады

Суреттердің сапасы үшін редакция жауап бермейді.

Қазақстан Республикасы Ақпарат және даму министрлігінің Ақпарат комитетінде 2023 жылдың 21 тамызында тіркеліп KZ91VPY00075894 номерлі куәлігі берілген.

Газет «Алматы-Болашақ» акционерлік қоғамының баспаханасында басылды. Алматы қаласы С.Мұқанов көшесі, 223-В.

МЕКЕНЖАЙЫМЫЗ:

Қонаев қаласы, Жамбыл көшесі, 13/1.

«Алатау ардагері» газеті басылымының бүгінгі санның таралымы – 4273

Тапсырыс №1598

Индексі – 65472.